

**Клиникалық фармакология және фармация жөніндегі
«Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану» атты
халықаралық конференцияның
ҚАРАРЫ**

2017 жылдың 8-9 қыркүйегінде Астана қаласында Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығының ұйымдастыруымен Клиникалық фармакология және фармация жөніндегі «Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану» атты халықаралық конференция (бұдан әрі – Конференция) өтті.

Конференция жұмысына 300-ден аса қатысушылар, сонын ішінде медициналық қоғамдастықтың, мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының мүшелері мен халықаралық сарапшылар қатысты.

Конференция қатысушылары денсаулық сақтау саласындағы мақсатты көрсеткіштерге жету мен оның тиімді дамуына кедергі келтіретін келесі мәселелерді жүйелі түрде жоюды ұсынады:

1. ҚР дәрілік заттарды ұтымды пайдалану жөніндегі мемлекеттік саясат саласында:

1.1 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен Қазақстан Республикасының Ұлттық дәрілік формулярға (бұдан әрі - ҰДФ) кез-келген өзгерістерді бекіту туралы қолданыстағы нормативтік қаулыларға байланысты **формулярлы жүйенің тиімсіз жұмыс жасауы**. Себебі халықаралық тәжірибеге сәйкес ұлттық дәрілік формулярға өзгерістер енгізу үшін уәкілетті органның нормативтік акті талап етілмейді және шешім сарапшылар қауымдастығымен қабылданады;

1.2 осы құзыреттегі менеджерлерді даярлаудың болмауы салдарынан **дәрілік заттардың шығымдық денсаулық сақтау менеджерлерінің төмен құзыреттілігі** - осы құзыреттегі менеджерлердің дәрілік заттарды шығындық-тиімді пайдаланудағы тиісті білімінің болмауы салдарынан денсаулық сақтау ресурстарының ұтымсыз пайдаланылуы ;

1.3 клиникалық фармакологиядағы **дәлелді медицинаның шектеулі қолданылуы** және ұлттық деңгейде бақылаудың болмауына байланысты дәрігерлердің күн сайынғы клиникалық практикасында дәрілік заттарды үнемі пайдаланудың ұтымсыз тәсілі;

1.4 қолданыстағы **аурулар тізілімінде деректердің уақытылы жаңартылмауы**, бұл өмірлік маңызы бар және басқа да дәрілік заттарды ұтымсыз пайдалануға алып келеді; анық ауруларға шалдыққан науқастармен дәрілік заттардың тұтынылуын уақытылы қадағалау мүмкін емес;

1.5 дәрілік заттардың атаулары, дәрілік формалар және тіркелген дәрілік заттар, ҚҰФ дәрілік заттар мен **ҚР кейбір клиникалық хаттамаларындағы дәрілік заттар арасында үйлесімділіктің болмауы**;

1.6 рецепт бойынша босатылатын дәрілік заттардың тағайындалуы, жіберілуі мен сатылуы (рецепт бойынша дәрілерді, оның ішінде антибиотиктерді босату) бойынша **мемлекеттік бақылаудың болмауы**;

1.7 адами ресурстардың жетіспеушілігі – клиникалық фармакологтар мен фармацевттер;

1.8 дәрілік заттардың әдепке сай емес жылжуы –дәрілік заттардың дәрігерлермен тағайындалуына және фармацевттермен ұсынылуына фармацевтикалық компаниялардың әсер етуі;

1.9 клиникалық тиімділігі жөнінде дәлелденген ақпараты жеткіліксіз немесе дәлелді базасы жоқ **препараттардың нарыққа шығуы** (импорттық дәрілік заттардың тіркелуі және отандық өндірушілермен дайындалуы).

2. Денсаулық сақтау мамандарының білімі, құзыреті және тәжірибесі саласында:

2.1 дипломға дейінгі және дипломнан кейінгі дәрежедегі клиникалық фармакология мен дәлелді медицинаны сапалы **оқытуға тиісті жағдайдың жетіспеушілігі**, аймақтардағы дәлелді медицина орталықтарының тиімсіз қызметі;

2.2 дәрігерлердің дәрілік заттарды негізсіз тағайындауы (клиникалық нұсқаулар мен денсаулық сақтау ұйымдарының дәрілік формулярын ескерместен), оның ішінде: ДЗ санының көптігі (полипрагмазия), соның нәтижесінде клиникалық зардаптар болып табылатын жағымсыз жанама әсерлер(ЖЖӘ), емдеудің тиімсіздігі және емделу құнының жоғарылауы;

2.3 микробқа қарсы препараттарды вирусты жұқпалы ауруларды емдеуде **дұрыс емес тағайындау мен қолдану**, нәтижесінде тұрақтылықты тудыратын тиіссіз мөлшерде антибактериалды препараттарды тағайындау;

2.3 пероралды препараттар жарамды болып табылатын көп жағдайларда **инъекционды дәрілік формаларды шектен тыс пайдалану**, БМСК медициналық ұйымдарында инфузионды терапияны қолданудың теріс тәжірибесі;

2.4 дәрігерлермен **медикаментозсыз емдеу әдістерінің** жеткіліксіз тағайындалуы: өмір салты, ұтымды диета, емдік дене шынықтыру және физикалық белсенділігі бойынша;

2.5 дәрілік заттардың әдепке сай емес жылжуына ортақтасу және толық түсінбеу.

3. Дәрілік заттарды дұрыс қолдану жөніндегі халықты ақпараттандыру саласында:

3.1 Медицина қызметкерлері мен кәсіби ұйымдар тарапынан дәрілік заттарды дұрыс қолдану жөнінде науқас пен отбасы мүшелерін **оқыту тиімділігінің төмендігі**, және соның нәтижесінде –

- дәлелді медицинаның қағидаларына негізделген ұтымды фармакотерапияға халықтың бейімділігінің болмауы;
- ресурстардың ұтымсыз шығындалуына алып келетін, дәлелді базасы жоқ дәрілерді қолдану;
- популяциялық деңгейде денсаулыққа қауіп төнуі (антимикробты төзімділік);
- фармацевтикалық қызметті коммерциялаудың жоғарылауы мен «өз бетінше емделудің» таралуы шегінде дәрілік заттардың ұтымсыз пайдалануының өсуі ;

3.2 дәрілік заттарға деген негізсіз төмен қоғамдық сенім – «генериктерге» және отандық өндірістегі дәрілік заттарға;

3.3 дәрілік заттармен сонын ішінде, жеңілдікті (тегін) дәрілермен қамтамасыз ету мәселелері бойынша халықпен кері байланыс арналарының қол жетімсіздігі мен тиімділігінің жеткіліксіздігі.

* * *

Медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейінде және үй жағдайында дәрілік заттарды ұтымды пайдалану мен дағдыаралық өзара әрекеттесуге, сонымен қатар Қазақстандағы клиникалық фармакология мен клиникалық фармацияның дамуына қол жеткізу үшін, **Конференция қатысушылары келесі әрекеттерді ұсынады.**

1. ҚР дәрілік заттарды ұтымды пайдалану жөніндегі мемлекеттік саясат саласында:

1.1 **формулярлы жүйені жетілдіру** (ҚҰФ және медициналық ұйымдардың формулярлары) и нормативтік құжаттарға және заңнамаға өзгерістер енгізу арқылы дәрілік терапияның фармакоэкономикалық аспектілерін енгізу;

1.2 клиникалық фармакология мен фармация қызметін ұйымдастыру **стандартын** немесе дәрілік заттар айналымының әртүрлі кезеңдерінде медициналық ұйымдар үшін **типтік стандартты операциялық рәсімдерді** жасау;

1.3 дәрілік заттардың мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және тіркеу құжаттамасына өзгеріс енгізуді жүргізу кезіндегі, қауіпсіздігін, тиімділігін және сапасын бағалау **сараптамасының сапасын жоғарылату;**

1.4 ДДСҰ келісілген, Қазақстан Республикасындағы **антибиотикке төзімділікті тежеу жөніндегі Ұлттық жоспарды бекіту;**

1.5 транспаренттілікке және қажеттілікті қалыптастыру үрдістерінің дәлелдеріне негізделген, науқастардың тіркеуі мен іс жүзінде қолданылған дәрілік заттарды бағалау есебімен дәрілік заттарға қажеттілікті ұтымды есептеу арқылы медициналық ұйымдарды және халықты **дәрілік заттармен қамтамасыз ету және оны жоспарлауды жетілдіру.**

1.6 ДСДРО-мен өңделген дәрілік заттарға қажеттілікті есептеу және паллиативті көмек көрсетудегі есірткі дәрілік заттарына қажеттілікті есептеу **әдістемесін тәжірибелік қызметке ендіру;**

1.7 медициналық ұйымдардың пост-аккредитационды мониторингі арқылы ұлттық деңгейде **медикаментозды қателіктердің**(medication error), дерлік қателіктердің (near miss), жағымсыз жағдайлардың (adverse events) **мониторингін жүргізу;**

1.8 медикаментозды қателіктерді және дерлік қателіктерді төмендету үшін **медициналық ұйымдарға әдістемелік көмек көрсету және дәрілік заттарды келесі принциптер бойынша қолдану:**

- дұрыс науқас;
- дұрыс дәрілік зат;
- дұрыс мөлшер;
- дұрыс уақыт;
- дұрыс енгізу жолы,

осылайша дәрілік терапияның, оның ішінде күнделікті биологиялық терапия, әсіресе БМСК сатысында және жалпы жұқпалы асқынулардың таралу қаупінің, атап айтқанда ішкі ағзалармен омыртқаның жасырын туберкулезінің **дәрілік терапиясының қауіпсіздігін арттыру;**

1.9 **дәрілік заттардың этикалық жылжуына себептесу және фармацевтикалық компаниялар мен дистрибьюторлардың, медициналық қауымдастықтардың қызметтерін реттеу;**

1.10 клиникалық фармакология және фармациядағы дәрілік заттарды нақты және транспарентті жоспарлау үшін **ақпараттық технологияларды жетілдіру;**

1.11 **рецепт бойынша препараттарды босатуды қатаң қадағалау және талаптарды бұзған жағдайда оларды қатаң жауапкершілікке тарту;**

1.12 клиникалық фармакологтардың **жеткіліксіздігін төмендету бойынша шаралар қолдану.**

2. Денсаулық сақтау мамандарының білімі, құзыреті және тәжірибесі саласында:

2.1 Қазақстан Республикасының медициналық жоғары оқу орындарында дипломға дейінгі және дипломнан кейінгі деңгейінде клиникалық фармакологияның жекелеген арнайы бөлімдерін ұйымдастыру кезінде мүмкін болатын клиникалық фармакология саласындағы медициналық мамандарды сапалы дайындау үшін жағдай жасау;

2.2 клиникалық фармакологиядағы фармакоэпидемиологияны, фармакоэкономика мен фармакогенетиканы жетілдіру;

2.3 медициналық ұйымдары мен жоғары оқу орындарының басшыларына дәлелді медицина дерекқорларына және кәсіби әдебиет көздеріне қол жеткізуді және тіркелуді қолдау;

2.4 басшыларға медициналық қызметкерлердің, сонымен қатар клиникалық білімі бар денсаулық сақтау менеджерлеріне фармация, клиникалық фармакология, фармакоэкономика және денсаулық сақтау технологиясын бағалау сұрақтары жөніндегі қызметкерлердің қайта даярлауына немесе біліктілігін жоғарылатуға қаржыны жоспарлау.

3. Дәрілік заттарды дұрыс қолдану жөніндегі халықты ақпараттандыру саласында:

3.1 халық арасында мемлекеттік әлеуметтік келісімшарттар мен гранттар бөлу арқылы дәрілік заттарды ұтымды пайдалану туралы бейімділікті, салауатты өмір салтын қалыптастыруға жәрдемдесу үшін **кәсіби үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін пайдалану;**

3.2 Медицина қызметкерлері мен кәсіби ұйымдар тарапынан дәрілік заттарды дұрыс қолдану жөнінде **науқас пен отбасы мүшелерін** жеке және популяциялық деңгейде **оқыту;**

3.3 БМСК медициналық ұйымдарының профилактика бөлімдерінде **әртүрлі жас топтарына және ауру бойынша науқас топтарына дәрілік заттарды ұтымды пайдалану жөнінде оқыту жұмыстарын жүргізу.**